

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2022
УДК 61 (07)

Н. К. Дюсембаева¹, Ш. С. Калиева¹, А. Х. Абушахманова^{1*}, Т. К. Сагадатов¹,
Н. Т. Дильдабекова¹

КЕРІ БАЙЛАНЫС ҰТЫМДЫ ФАРМАКОТЕРАПИЯНЫ ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

¹Клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасы КЕАҚ «Қарағанды медициналық университеті»

*Айгуль Хамитовна Абушахманова – профессор кафедры клинической фармакологии и доказательной медицины Медицинского университета Караганды; электронная почта: abushahmanova@qmu.kz; тел.: 87014720783

Мақала интерндердің кері байланысы негізінде медициналық жоғарғы оқу орнында білім беру үрдісінің сапасын зерттеуге арналған. Зерттелетін мәселенің өзектілігі қазіргі білім беру үрдісіне қатысушылар арасындағы жүйелі және ұйымдастырылған кері байланыс рөлінің артуына байланысты белсенді оқытуды орнатуға негізделген. Алынған нәтижелер интерндер алатын білім сапасын толық және объективті бағалаушылар екендігін көрсетті. Кері байланыс деректері білім беру үрдісін сапалы жақсартуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: медициналық білім беру, кері байланыс, ұтымды фармакотерапия, қашықтықтан оқыту

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы біріншілік медициналық-санитариялық көмекті (БМСК) бүкіл халық үшін денсаулық стратегиясына қол жеткізудің жетекші құралдарының бірі ретінде қарайды. Отбасылық дәрігерлерге халыққа стационарды алмастыратын амбулаториялық көмектің жыл сайынғы өсіп келе жатқан көлемі жүктеледі, дәл осы мамандар санаты дәрілік заттардың ең көп түрін тағайындайды және жазып береді. Осыған байланысты, әлемдік және отандық фармацевтикалық өнеркәсіптің қарқынды дамуы және халықтың сапалы медициналық көмекке деген өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселесі жағдайында дәлелді медицина тұрғысынан дәрілік заттарды ұтымды тағайындау және қолдану туралы сұрақтар ерекше медициналық-әлеуметтік маңыздылыққа ие болады.

Ғылыми-дәлелді медицина-бұл ғылыми ақпаратты жинау, талдау, жалпыландыру және түсіндіру технологиясының заманауи тәсілі, бағыты. Бұл ең жақсы ғылыми деректерді дәрігердің клиникалық тәжірибесімен және пациенттің құндылықтарымен біріктіру, нақты бір науқастың емдеуін таңдау үшін клиникалық зерттеулердің ең жақсы нәтижелерін адал, дәл және мағыналы пайдалану. Осыған байланысты қазіргі заманғы дәрігер тек соңғы медициналық технологиялар туралы ғана хабардар болып қана қоймай, сонымен қатар емдеудің осы немесе басқа да әдісін қалайша тиімді және қауіпсіз деп санауға болатындығын білуі керек.

Болон үрдісінің басты кейіпкері, сөзсіз, студент болып табылады. Болон жүйесінде студент еуропалық студенттік ұйымдардың мүшесі бола отырып, барған сайын маңызды рөл атқарады және Болон үрдісі барысына айтарлықтай әсер етеді [1]. Қазіргі заманғы оқу үрдісінің орталығында мақсаттары, қажеттіліктері, мүдделері мен қабілеттері бар студент орналасқан. Бірақ, мұндай жүйенің жұмыс істеуі үшін сапалы кері

байланыс қажет. Білім беру мәнмәтініне қатысушылар арасындағы кері байланыс ұйымдастырылған және құрылған үрдіс ретінде сындарлы қарым-қатынасты орнатуға, «ашық бағдарлама» элементтерін пайдалануға, сабақ беру мен оқытуда серпінді ілгерілеуге қол жеткізуге, студенттердің оқу барысына қатысуға деген құштарлық деңгейін арттыруға, оқу деңгейіне қанағаттануына оң әсер етуге, білім алушылардың жеке дара өсуіне ықпал етуге мүмкіндік береді [2].

Егер студенттер сапалы кері байланыс бере алатын болса, яғни олар атқарған жұмысты сыни тұрғыдан бағалау қабілетіне ие болса, онда олар оқытушыдан кері байланысқа үлкен назар аударып, оны сындарлы және тиімді қолдана алады [3].

*Жұмыстың мақсаты-*интерндерден алған кері байланыс негізінде «Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі дәлелді медицина тұрғысынан ұтымды фармакотерапия» пәнін оқыту сапасын бағалау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қойылған мақсатты іске асыру үшін жазбаша түрде ұсынылған кері байланыс нысандарына талдау жүргізілді, содан кейін алынған ақпарат жалпыланды. Сауалнамаға жауап берушілердің бары 98 интерн болды, сабақ циклы аяқталғаннан кейін кері байланысты зерттеу бойынша сауалнама жүргізілді, оған 10 сұрақ кірді. Сауалнама Google Forms тұғырнамасында құрылды.

Сауалнама соңында пәнді оқыту сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстар беру ұсынылды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУЫ.

Осы оқу жыл ішінде 7 курс интернатурасында сабақтар off-line өткізілді. «Сіз оқытушының кәсіби деңгейін қалай бағалайсыз?»- деген сұраққа, жауап берушілерлердің 98% - ы оқытушылардың кәсіби деңгейін жоғары, 2% - ы жақсы деп бағалады. Респонденттердің 84,2%

–ы жаңа технологияларды пайдаланудың жоғары деңгейін, 15,8% - ы жақсы деп атап өтті.

Бес кредит (105 сағат) барысында 13 тақырып оқытылды, олардың негізгілері: отбасылық дәрігер жұмысындағы дәлелді медицина, отбасылық дәрігер жұмысындағы ұтымды емдеу үрдісі, әлеуметтік маңызы бар ауруларды және дәлелді медицина тұрғысынан басымдылыққа ие нозологиялық топтарды емдеу тәсілдері.

Ұсынылған диаграммадан көрініп тұрғандай (1-сурет) интерндерде жалпы тәжірибелік дәрігердің жұмыс істеу тәжірибесінде нақты науқастың амбулаториялық картасына клиникалық-фармакологиялық сараптама жүргізу қиындық туғызды (респонденттердің 60,3% - ында). Сараптама жүргізу кезінде дәлелді медицина деректерін ескере отырып, дәрілік терапияның қателіктерін анықтау және өзінің нақты науқасты емдеу жоспарын ұсыну қажет болады.

Зерттеудің күрделілігі бойынша екінші орында ұтымды микробқа қарсы терапия, антибиотикке төзімділік тақырыбы болды (21,6%).



1 сурет – Интерндер қиындықпен игерген тақырыптардың талдауы

«Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі дәлелді медицина тұрғысынан ұтымды фармакотерапия» пәнін оқу практикалық сабақтарды өткізуді де, қосымша әдебиеттерді оқу арқылы интерндердің өзіндік жұмысын, дәлелді медицинаның электрондық базалармен жұмыс істеуді, кітапхананың ақпараттық қорларын пайдалануды да көздейді. «Сіз оқу барысында қосымша әдебиеттерді, электронды мәліметтер базасын, кітапхананың ақпараттық қорларын пайдаландыңыз ба?»- деген сұраққа білім алушылардың 92,9% – ы қосымша әдебиеттерді жиі қолданғанын, кейде –деп 5,6%-ы, 1,5% - ы мүлдем қолданбағанын деп жауап берді.

Психологиялық ортаны бағалау кезінде респонденттердің 93,5% – ы мейірімді, 6,5% - ы бейтарап, 0% - ы шиеленісті жағдай деп есептелді. Оқыту барысында оқытушының кеңес беру көмек деңгейін интерндердің 90,9% – ы жоғары, 9,1% - ы жақсы деп бағалады.

«Оқытушы сізді пәнді игерудегі бағаларыңыз бен жетістіктер туралы хабардар етті ме, яғни «Кері байланыс» мүмкіндігі берілді ме деген сұраққа респонденттер былай жауап берді: Иә – 100%. Пән бойынша алынған теориялық және тәжірибелік білім деңгейін бағалау үшін бес балдық жүйе қолданылды (сызба: 1 - төмен

5 - жоғары). Респонденттердің 77% - ы алған білімдерінің жоғары деңгейін, 23% - ы жақсы деңгей деп бағалады.

Қазіргі білім беруде оқытудың әртүрлі жаңа әдістері қолданылады, мысалы: ауызша сұрау, пікірталас, тестілеу, жазбаша жұмыс, шағын топтық жұмыс, топтық жұмыс – TBL, клиникалық мәселелерді шешу – CBL, пікірталас, электрондық мәліметтер базасымен жұмыс, ауру тарихы мен науқастардың амбулаториялық карталарын талдау. «Интерндердің пікірінше, оқытудың қандай әдістері материалды игеруді жақсартуға ықпал етеді?» деген сұрақ жауабы қызығушылық тудырады. Алынған нәтижелері 2-суретте көрсетілген.



2 сурет – Материалды жақсы меңгеруге арналған оқыту әдістері

Ұсынылған оқыту әдістерінің ішінен, кері байланысқа сәйкес, интерндерде ауру тарихы мен нақты пациенттердің амбулаториялық карталарын талдау (57,5%) үлкен қызығушылық тудырады. Пікірталас (49,3%) және Сұрақ-жауап әңгіме (47,4%) екінші орынды бөлісті. Үшінші орында респонденттер шағын топтардағы жұмысты – 46% және клиникалық мәселелерді шешуді (40,3%) атап өтті. Интерндерге ең аз ұнайтыны тестілеу (2,8%) болды.

Кез-келген пәнді оқу барысында белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін. Осы пәнді оқу кезінде интерндер қандай қиындықтарға тап болды? Интерндердің ойынша, оларды бірнеше санатқа бөлуге болады:

1. Пациенттердің амбулаториялық карталарына клиникалық-фармакологиялық сараптама жүргізу кезінде сұрақтар туындады.

2. Кейбір нозологиялық ауру түрлері үшін дәрі-дәрмектерді қолданудың дәлелдік деңгейлерін табуға қиындықтар.

3. Кейбір кәсіби сайттарға кіру мүмкіндігінің болмауы (ақылы қорлар). Деректер базасымен жұмыс істеу кезінде интерндер ағылшын тілін білудің төмен деңгейін атап өтті.

Сауалнама барысында, интерндер оқытудың жағымды жақтарын атап өтіп, ақпарат жеткілікті көлемде және қол жетімді түрде берілетінін атап өтті. Алайда, біз бірқатар ұсыныстар алдық, мысалы: шағын дәрістер қосу, қайта қарау және терең меңгеру үшін дәрістердің жазылған нұсқасы болуы, сонымен қатар циклдің ұзақтығын арттыру немесе оны әр шағын циклде ұтымды фармакотерапия болатындай етіп енгізу.

Интерндерден кері байланыс нысанын дамыту және білім беру міндеттерінің тұтас кешенін шеше алатыны анық: білім алушылар тарапынан – бағалаудың дамуы, сыни ойлауды, жауапкершілікті, ұйымшылдықты дамыту; білім беру үрдісінің оң және теріс жақтарын құрылымдап «бағалау» білігі қалыптасады. Оқытушылар тарапынан: кері байланыс нәтижесінде жақсартуды, белгілі бір пысықтауды және түзетуді талап ететін салалар анықталды.

Осылайша, кері байланыс нысаны оқытушылар үшін де, білім алушылар үшін де білім беру үрдісінің сапасын жақсартудың қажетті құралы болып қала береді.

ӘДЕБИЕТ

1 К зоне европейского высшего образования. Коммюнике встречи европейских министров, отвечающих за высшее образование г. Прага, 19 мая 2001 года. http://nihe.bsu.by/images/ehea/Praga_2001.pdf

2 Курьян М.Л. Содержательная сторона обратной связи в процессе обучения // Education and Self Development. 2017.-Vol.12. - №1.-P.56-62. <http://eandsjournal.org/wpstuff/uploads/sites/2/2017/08/ESD50-E.pdf>

62. <http://eandsjournal.org/wpstuff/uploads/sites/2/2017/08/ESD50-E.pdf>

3 Трой Д. Сэдлер, Дана Л. Зейдлер Научная грамотность, PISA и социологический курс: оценка прогрессивных целей естественного образования. // <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/tea.20327>

REFERENCES

1 to the European Higher Education Area. Communiqué of the meeting of European ministers responsible for higher education Prague, 19 May 2001. http://nihe.bsu.by/images/ehea/Praga_2001.pdf

2 Kuryan M.L. The content side of feedback in the learning process // Education and Self Development. 2017.-Vol.12. - №1.-P.56-62. <http://eandsjournal.org/wpstuff/uploads/sites/2/2017/08/ESD50-E.pdf>

3 Troy D. Sadler, Dana L. Seidler Science Literacy, PISA, and Sociological Discourse: Assessing the Progressive Aims of Science Education. // <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/tea.20327>

Поступила 19.05.2022

Н. К. Дюсембаева¹, Ш. С. Калиева¹, А. Х. Абушахманова¹, Т. К. Сагадатова¹, Н. Т. Дильдабекова¹
ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ПРЕПОДАВАНИЯ РАЦИОНАЛЬНОЙ ФАРМАКОТЕРАПИИ
НА ОСНОВЕ ОБРАТНОЙ СВЯЗИ С ИНТЕРНАМИ

¹*Кафедра клинической фармакологии и доказательной медицины НАО МУК*

Статья посвящена изучению качества образовательного процесса в медицинском вузе на основе обратной связи интернов. Актуальность исследуемой проблемы обусловлена возрастанием роли систематической и организованной обратной связи между участниками современного образовательного процесса с установкой на активное обучение. Полученные результаты показали, что интерны являются полноценными и объективными оценщиками качества получаемого образования. Данные обратной связи позволяют качественно улучшать образовательный процесс.

Ключевые слова: медицинское образование, обратная связь, рациональная фармакотерапия, дистанционное обучение.

N. K. Dyusembaeva¹, Sh. S. Kalieva¹, A. H. Abushahmanova¹, T. K. Sagadatova¹, N. T. Dildabekova¹
IMPROVING THE QUALITY OF TEACHING RATIONAL PHARMACOTHERAPY
ON THE BASIS OF FEEDBACK WITH INTERNS

¹*Department of Clinical Pharmacology and Evidence-Based Medicine NKU MUK*

The article is devoted to the study of the quality of the educational process in a medical school based on interns' feedback. The relevance of the problem under study stems from the increasing role of systematic and organised feedback between the participants of the modern educational process with an attitude of active learning. The results have shown that interns are full and objective assessors of the quality of education received. The feedback data allows for a qualitative improvement of the educational process.

Key words: medical education, feedback, rational pharmacotherapy, distance learning